

Для школьника затруднительно истолковать новое, до этого незнакомое слово. Задача учителя в таком случае научить детей задумываться над значением и смыслом каждого слова. Для этого применяются упражнения, которые в дальнейшем позволят детям самостоятельно толковать значение незнакомых слов.

«Каркас» – дети выбирают несколько согласных букв, которые будут служить каркасом, а затем составляют слова из всех имеющихся гласных букв и выбранных согласных.

Можно использовать такие приёмы, как дополни пословицу, впиши в предложение подходящие по смыслу слова, ребусы, кроссворды.

Также используются методические приёмы для работы над значением нового слова: выяснение значения по толковому словарю, иллюстрации, подбор синонимичного ряда слов и т.д.

Немаловажным является обсуждение текста после его чтения, можно использовать написание эссе, синквейна или устный ответ ученика. Когда ребёнок высказывает своё мнение о прочитанном, даёт оценку характеру, поведению, поступкам героев, он учится грамотно, последовательно и правильно выражать свои мысли. У ребёнка формируется словарный запас, пополняясь с каждым прочитанным произведением.

Таким образом, формирование и развитие речи и её культуры – контролируемый процесс, и у педагога есть большие способности существенно стимулировать речевое формирование обучающихся за счёт правильно организованного процесса обучения и воспитания. Поэтому задача учителя состоит в том, чтобы заинтересовать учеников новой темой или формой работы, пробудить в них интерес к обучению [5, с.141].

Список литературы:

1. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе / Вступительная статья и примечания * С. Ф. Ударцева / Сер. «Жемчужины истории политической и правовой мысли».
2. Алматы: ВШП «Әділет», 2015. – 102 с. (статья – с. 5-24; примечания – с. 74-98).
3. Статья Первого президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo – Учебный портал <http://teacher.ozin-ozit-tanu.kz/festival/show/id/368>
4. Баранов М.Т. Методика преподавания русского языка в школе: учебник для студентов высших педагогических учебных заведений. М.: Академия, 2011. 368 с.
5. Жинкин Н.И. Развитие письменной речи учащихся III-VII классов // Изв. АПН Москва. – М., 2017. – Вып. 78. – С. 141-250.

Ы. АЛТЫНСАРИН ӘҢГІМЕЛЕРІН ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

*Жоламанова Тойындық Молдағалиқызы,
Ілияс Данагүл Нұртайқызы,*

Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі,
филология ғылымдарының магистрі, Көкшетау қ.

Аннотация

Өзектілігі: Әдебиет пәнін оқыту арқылы жасөспірімдерді тәрбиелеудің тиімді жолдарын, Ы.Алтынсарин әңгімелерін оқытудың тиімді амал-тәсілдерін көрсетіп, өз тәжірибемізбен бөлісу. Мақсаты: Мектеп мұғалімдеріне, болашақ педагог мамандарға Ы.Алтынсарин әңгімелерін интерактивті әдістер арқылы оқытудың әдістемесін көрсетіп, қолданылған әдістердің тиімділігін саралау.

Түйінді сөздер: әңгіме жанры, әдіс тиімділігі, тәжірибе, шығармашылық, тиімді қолдану, шеберлік.

Аннотация

Актуальность: Продемонстрировать эффективные способы обучения подростков посредством изучения литературы, а также, эффективные методы преподавания рассказов Ы.Алтынсарина и поделиться своим опытом.

Цель: Проанализировать эффективность применяемых методов, показать школьным и будущим учителям способы преподавания рассказов Ы.Алтынсарина с помощью интерактивных методов.

Ключевые слова: жанр рассказа, эффективность метода, эксперимент, творчество, эффективное использование, мастерство.

Abstract

Relevance: Demonstrate effective ways of teaching adolescents through the study of literature, as well as effective methods of teaching stories by Y. Altynsarin and share the experience.

Goal: Analyze the effectiveness of the methods used, show school and future teachers the methods of teaching stories by Y. Altynsarin using interactive methods.

Keywords: story genre, effectiveness of the method, experiment, creativity, effective usage, skills.

Әңгіме – қиын жанр. Алдымен көлемі шағын. Ол жазушыдан барынша жинақы болуды талап етеді. Содан соң оқырманды бірден үйіріп әкету үшін, сол шағын көлемдегі өмір эпизодының өзі соншалық тартымды, сюжет желісі қызғылықты болуға тиіс.

Әңгіме жанрын оқыту оқушының сөйлеу дағдысының, мәнерлеп оқуының, рухани дүниесінің қалыптасуының негізгі кілті болып табылады. Әңгімені оқытуда берілетін білім мен тәрбиенің аясы өте кең. Әңгіме жанрын оқытуда берілітін теориялық ұғымдар туралы түсінік беру үшін, ең алдымен, материалды неше сағатта өтуге болады, әр сағатта өтілуге тиісті материал көлемі мен мазмұны және оның оқушыларға бұрыннан таныс, не таныс еместігі, сондай-ақ, оқушылардың қабылдай алу қабілеттілігі, өресі, дағдыларының бар-жоғы сияқты мәселелерді алдын ала ойластырып, жоспарлап алу қажет. Әңгімені оқыту арқылы оқушыға мол тәрбие беруге болады. Әңгіменің идеясы, ондағы кейіпкерлердің мінез-құлқы оқушыларды ойлауға жетелейді. Яғни, оқушы әңгіме мазмұнын түсіне отырып, оның кейіпкерлерінің бойындағы ұнамды, ұнамсыз қасиеттерін ажыратады, сол арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге көп көңіл бөледі.

Әңгімелерді оқытуда төмендегідей мақсаттар жүзеге асады:

– білім алушылардың рухани дүниесі байып, эстетикалық, интеллектуалдық, адамгершілік, азаматтық тәрбие алады;

– оқырмандық культуі, ынта-ықыласы, жоғары талғамы қалыптасады;

– терең біліммен қаруланады;

– білім алушылардың логикалық ойы, ауызша, жазбаша сөйлеу мәдениеті атады.

Жоғарыда айтылған мақсаттардың жүзеге асуын Ы.Алтынсарин әңгімелерін оқыту арқылы нақты мысалдармен дәлелдеп көрсетейік.

V сыныпта Ы.Алтынсариннің «Дүние қалай етсең табылады?», «Атымтай жомарт», «Қыпшақ Сейіткұл» әңгімелері оқытылады. Қаламгер шығармаларының мазмұнын меңгертуде «Ривин», «Самаралық», «Американдық мозайка», «Оқы. Талқыла. Пікірлес», «ДЖИГСО» әдістері тиімді. Бір-екі әдістің алгоритміне тоқталып кетсек:

1. «Ривин» әдісі (жеке оқушымен жұмыс):

а) азат жолдарға бөліп оқу;

ә) үзінділерге (азат жолға) жоспар құру;

б) сөздікпен жұмыс (үзінді ішінде кездесетін қиын, түсініксіз сөздермен жұмыс);

в) үзіндінің негізгі ойын табу (негізгі ой қай сөзде, қай сөйлемде);

г) үзіндіге ат қою [1, б. 47].

Ы.Алтынсарин «Қыпшақ Сейіткұл»:

Жоспар:

1. Сейіткұлдың ой ойлауы.

2. Мекен еткендей жер іздеуі.

3. Қабырға өзенінің бойын таңдауы.

4. Жазда кедей елін Қабырға өзенінің бойына алып келуі.

Сөздікпен жұмыс:

Қабырға – Торғай алабындағы өзен. Қостанай облысы, Жангелді ауданы жерімен ағады;

жортуыл басы жолда қалады – қақтығыста қаза табу;

барымта – жауласқан екі рудың бірінің-бірі мал-мүлкін тартып алып, кек қайтаруы [2, б. 73].

Үзіндінің негізгі ойы:

Сол жерді ұнатып қайтқан соң, қысты өткізіп, жаздың жылы уақытында кедейлерді жалаңаш-жалпы көшіріп, Қабырға бойына алып келеді.

Үзіндіге ат қою:

Жаңа өмір.

2. «Самаралық» әдіс (топпен жұмыс):

а) эпизодтарға бөліп оқу;

ә) топ ішінде оқылған үзіндіні өзара талқылау;

б) үзінді мазмұнын ашатындай сұрақтар құрастыру;

в) 7-8 кілттік сөз жазу;

г) үзіндіні қайта оқу;

ғ) топ ішінде жақсы оқитын оқушы мазмұндап беру;

д) топ спикері ретінде үлгерімі орташа не нашар оқушы жауап береді [1, б. 53].

Бұл әдістердің тиімділігі: білім алушылар жеке, жұппен, топпен көркем шығарманы өз беттерімен оқып, талдайды, мазмұнын меңгереді. Қазіргі әдістеменің талаптарына сай жүргізіледі. Мұғалім бағыт-бағдар береді, ал білім алушылар өздері оқып-талқылап, өздігінен шығарма мазмұнын меңгереді.

Ы.Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесін оқытуда тиімді әдістердің бірі – «Уақыт тізбегі кестесі» әдісі

«Уақыт тізбегі кестесі» әдісі – мәтінді тыңғылықты оқып, түсінген деректер бойынша «уақыт тізбегіне» оқиға бойынша орналастырады. Бұл сызбаның мәтінде мазмұндауда өте тиімді екенін айта кету керек.

Ал Ы.Алтынсарин әңгімелерінің мазмұнын меңгергендігін тексеруде «Өрмекші торы», «Ширлинг», «Бетпе-бет», «Араның ұясы» әдістері өте қолайлы.

«Өрмекші торы» әдісі бойынша әңгіме мазмұнын тексеруде сынып оқышылары шеңбер құрып тұрады да, бір оқушы мазмұн айтуды бастайды да, шамалы айтып, қолындағы жіпті қарсысында тұрған оқушыға береді, ол ойды бірден жалғастырып кетеді, ол шамалы мазмұндайды да, қарсысындағы оқушыға жіпті береді, осылайша барлық сынып оқышылары қамтылады да, «өрмекші торы» құрылады. Көркем шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қойылып, «өрмекші торы» кері жиналады.

Бұл әдістің тиімділігі: сынып оқышыларының барлығының білімі бақыланады, бір-бірінің ойын жалғастыруға, жүйелі сұрақ қоюға, сұраққа нақты жауап беруге үйренеді.

Ы.Алтынсарин әңгімелерін оқытып-талдау барысында шығармашылықпен жұмыс жасап, интерактивті әдістерді кеңінен қолдануға болады. Ол әр ұстаздың шеберлігіне, тәжірибесіне, ізденімпаздығына, шығармашылығына байланысты. Әңгімемелерді талдау барысында, «Веер», «Футбол алаңы», «Балалар философиясы», «Домино», «Ұшақ» әдістерін қолданған тиімді.

Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесін оқытуда тиімді әдістердің бірі – «Баяндама» әдісі.

«Баяндама» әдісінің алгоритмі: Мұғалім оқушыларға мәтінді оқуға, соңынан оның мазмұнын сурет, сызба түрінде беруді ұсынады. Бұл «шпаргалканы» оқушы оң жағындағы көршісіне береді. Енді әрқайсысы өз көршісінің суреттерін не сызбаларын қолдана отырып, осы мәтін бойынша «баяндама» жасайды. «Баяндама» мазмұнын неғұрлым кең ашып, оны қорғап, ең жақсы өрнекті ұсынған оқушы жеңімпаз болады [1, б. 18].



1-сурет. «Әке мен бала» әңгімесі.
Сынық тағаға кез болу



2-сурет. «Әке мен бала» әңгімесі.
Жерден шие теріп жеу

«Баяндама» әдісі арқылы оқушы көрші оқушы берген жоғарыдағы суреттер бойынша «баяндама» жазады.

Бұл әдістің тиімділігі: оқушы өз қиялымен оқып отырған шығарма бойынша сурет салады, сызбалар дайындайды, келесі оқушы сыныптасы ұсынған «шпаргалка» бойынша шығарманың мазмұнын баяндап береді. Сонда оқушының көру, жаңғырту, жүйелі баяндау әдістері дамиды.

«Дүние қалай етсең, табылады?» әңгімесін оқытуда «Веер» әдісін қолданып, оқушылардың сұрақ қою, сұраққа жауап беру, сұрақ-жауаптарға сараптама жасау қабілеттерін шыңдадық.

Сынып үш топқа бөлінеді. Бірінші топ – сұрақ қоюшылар, екінші топ – сұраққа жауап берушілер, үшінші топ – сарапшылар. Қағаздан веер жасап, бір қыртысына сұрақ жазады, екінші қыртысына жауап жазады, үшінші қыртысына сараптама жазады.

Бірінші топ оқушылары өз веерлеріне төмендегідей сұрақтарды жазады:


1. Әңгімеде қай елдің білімді адамы туралы баяндалады?
2. Антон кім? Ол немен айналысушы еді?
3. Антонмен кім кездеседі?
4. Неліктен Антон еңбек етуге шешім қабылдайды?
5. Антон бөгде адамның әңгімесін қалай қабылдайды?
6. Антонға бөгде адам қандай әңгіме айтты?
7. Әңгіме неліктен «Дүние қалай етсең, табылады?» деп аталады?
8. Антон кіммен кездеседі?

Екінші топ оқушылары жоғарыдағы сұрақтарға жауап береді. Ал үшінші топ оқушылары сұрақтар мен жауаптарға сараптама жасайды.

Бұл әдістің тиімділігі: Ашық сұрақ пен жабық сұрақтың аражігін айырады. Жабық сұрақтарды нақты, жүйелі құрастыруға үйренеді. Сұраққа толық жауап беруге, өзгенің жұмысына сыни көзқараспен қарап, сараптама жасауға үйренеді.

«Атымтай жомарт» әңгімесін оқып-талдауда «Кластер» әдісін қолданып, білім алушылардың байқағыштық қасиеттерін арттыруға жұмыс жасап, Атымтайға мінездеме бергіздік. Оқушылар жай ғана мінездеме беріп қана қоймайды, сонымен қатар әр сөзін Атымтайдың іс-әрекетімен дәлелдейді.

1-кесте. Топтастыру кестесі



Бұл әдістің тиімділігі: оқушы көркем шығармадағы бас кейіпкердің әр әрекетіне мән беруге үйренеді, қырағылық қасиеті дамиды.

Атымтайдың бейнесін «Төрт сөйлем» әдісі арқылы ашып, өз пікірлерін білдіруге тапсырма берілді.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өзіндік пікірлерінді бір сөйлеммен жазады.

Дәлел. Пікірлерің бір сөйлеммен дәлелдейді.

Мысал. Пікірлерінді өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіреді.

Қорытынды. Шығарма мазмұны бойынша қорытынды шығарады [1, б. 86].

Талдау үлгісі:

Пікір: Атымтай ақылды, қарапайым, еңбекқор адам.

Дәлел: Күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып, жұмыс қылады.

Мысал: Ыбырай Жақаев, Шығанақ Берсиев, Кәмшат Дөнентаевалар елге адал қызмет етіп, еңбегінің арқасында елге танылды, Еңбек Ерлері атанды.

Қорытынды: Әңгіме кейіпкері Атымтай бай бола тұра еңбек етуінің себептерін нақты, жүйелі дәлелдеп айтып береді. Өзінің парасатты, ақылды, еңқор жан екенін ісімен де, сөзімен де дәлелдейді.

Қорытынды сабақта Ы.Алтынсарин әңгімелерінің тәрбиелік мәнін ашып, балаларды белгілі бір нәрсеге тәрбиелейміз.

Ы.Алтынсарин көптеген әңгімелерінің негізгі тақырыбы – еңбекті сүю және қадірлеу. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді.

«Атымтай жомарт» әңгімесінде жазушы халық арасындағы Атымтай жомарт туралы аңыздарға жаңаша мазмұн беріп, өзінше қорытады. Атымтайды ол еңбек адамының үлгісі етіп көрсетеді.

Елді отырықшылыққа егіншілікке үгіттеу – «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінің негізгі түйіні. Сейітқұлдың барлық іс-әрекетінен жазушы өмірге жаңаша талап жасап, отырықшы болуға, тіршіліктің пайдалы түріне көшуге ұмтылған адамның бейнесін көреді. Өзімен қоныстас отыз үйлі кедейді отырықшы болып, жер кәсібімен шұғылдануға үйретеді.

Мектеп оқушыларына «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесін оқытуда мұғалім әңгіменің идеялық мазмұнын, жазушының мұратын ұғындыру, оқушылардың өз бетінше ізденісіне жол ашу, топта жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру, ой еркіндігіне, зерделілікке баулу, сонымен қатар еліне адал қызмет етуге тәрбиелеуді мақсат етеді.

Қорыта келгенде, әдебиет пәнін оқыту мұғалімнен шеберлікті, шығармашылықты, ізденімпаздықты талап етеді. Біз болашақ педагог мамандарға дәріс беруде әдістеме пәнінің оқытушысы ретінде алдымызға үлкен мақсат қойып, шығармашылықпен жұмыс жасап келеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әлімов А.Х. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. – Алматы: Білім беру және ақпараттық инновациялық технологиялардың ғылыми-зерттеу орталығы, 2009 – 18, 47, 53, 86-бб.
2. Тұрсынғалиева С.Ч., Зайкенова Р. Қазақ әдебиеті// жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Астана: Арман-ПВ, 2017. – 73-б.
3. Алтынсарин Ы.Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

Жумабаева Айдана Жанғалиевна,

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті магистранты, Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі. Мақалада жоғары білім беру саласындағы Қазақстан-Ресей ынтымақтастығына талдау жүргізіледі. Білім беру саласындағы жаһандық және аймақтық процестер жағдайында, білім беру қызметтері нарығындағы бәсекелестіктің күшеюі жағдайында Ресей мен Қазақстанның жоғары білім саласындағы ынтымақтастығының қажеттілігі негізделген.

Мақсаты. Қазақстан-Ресей ынтымақтастығы мүмкіндіктердің кең спектрін және білім беру саласындағы өзара тиімді қызметтің өсіп келе жатқанын көрсету.

Түйінді сөздер: ынтымақтастық, интеграция, білім беру, бәсекелестік.

Аннотация

Актуальность. Проводится анализ российско-казахстанского сотрудничества в сфере высшего образования. Обосновывается необходимость и востребованность сотрудничества России и Казахстана в области высшего образования в контексте глобальных и региональных процессов, происходящих в образовательной сфере, в условиях усиления конкуренции на рынке образовательных услуг.

Цель. Доказать, что российско-казахстанское сотрудничество демонстрирует широкий спектр возможностей и растущий потенциал взаимовыгодной деятельности в сфере образования.

Ключевые слова: интеграция, образование, сотрудничество, конкуренция.

Abstract

Relevance. The article analyzes the Russian-Kazakh cooperation in higher education. He shows the need and demand for the bilateral cooperation between Russia and Kazakhstan in higher education in the context of global and regional processes in the educational sphere and increasing competition in the market of educational services.

Goal. The author proves that the Russian-Kazakh cooperation demonstrates a wide range of opportunities and growing potential of mutually beneficial activities in the field of education.

Keywords: integration, education, cooperation, competition.

«Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына жолдауында Елбасы Н.Ә. Назарбаев озық ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру міндетін қойды. Бәсекеге қабілетті білім беру жүйесі мемлекеттік саясаттың барлық деңгейлері бойынша – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудан жоғары оқу орнынан кейінгі білімге дейін ақпараттық және талдамалық сүйемелденуін көздейді. Білім беру жүйесінің өзегі Мәңгілік ел идеяларының құндылықтары – азаматтық теңдік; еңбексүйгіштік; адалдық; білім қуу мен білім беру ғұрыпы; зайырлы ел – толерантты ел болуы тиіс [1].